

# KASE АПТАЛЫҒЫ

15–19 шілде,  
2024

## KASE ЖАҒАЛЫҚТАРЫ

- KASE биржалық нарықтың 2024 жылдың екінші тоқсаны мен бірінші жартыжылдығындағы жұмысын [қорытындылады](#).
- KASE 2024 жылдың 05 тамыздан бастап KASE индексі есептеу үшін өкілдік тізімді [анықтады](#).
- KASE ресми тізіміне "Тойота Финанш Сервисес Қазақстан" МҚҰ" ЖШС [KZ2P00011596](#) (MFTFb3), "R-Finance" МҚҰ" ЖШС [KZ2P00011687](#) (MFRFb14), "Swiss Capital" МҚҰ" ЖШС (Свисс капитал) [KZ2P00011638](#) (MFSCb5), [KZ2C00011674](#) (KAFIPP7) "ҚазАгроҚаржы" АҚ, [KZ2P00011661](#) (ASQApp1) "Aspan Almaty Qala" ЖШС, "Отбасы банк" тұрғын үй құрылыс жинақ банкі" АҚ [KZ2C00011658](#) (JSBNb2) және жергілікті атқарушы органдар облигацияларының [екі шығарылымы](#). облигациялары енгізілген
- Айналым мерзімінің аяқталуына байланысты KASE ресми тізімінен "Қазақстандық орнықтылық қоры" АҚ [KZ2C00009371](#) (KFUSb50), "Капиталинвест" МҚҰ" ЖШС [KZ2P00008378](#) (MFCIb1), "Маңғыстау өңірлік электр желілік компаниясы" АҚ [KZ2C00002707](#) (MREKb8) және "Қазақстанның Даму Банкі" АҚ [KZ2C00005916](#) (BRKZB16) облигациялары алынып тасталды.
- KASE-де "ЮНИКРЕДО" МҚҰ" ЖШС [KZ2P00011174](#) (MFUCb6), "CAPITAL Leasing Group (Капитал Лизинг Груп)" ЖШС [KZ2P00011604](#) (CLSGb4) және [KZ2P00011612](#) (CLSGb5), "A-Cars" ЖШС [KZ2P00011364](#) (ACARb1) облигацияларымен және Еуропалық қайта құру және даму банкінің [US29874QFA76](#) (EBRDe26) халықаралық облигацияларымен саудасаттық ашылды.

## ОРНАЛАСТЫРУ НӘТИЖЕЛЕРІ

- Қазақстан Қаржы министрлігі KASE 594,4 млн MEKKAM [KZK100000357](#) (MKM012\_0158), 43,8 млн MEYKAM [KZKD00001244](#) (MUM084\_0019), 58,8 млн MEYKAM [KZKD00001087](#) (MUM108\_0013), 45,0 млн MEYKAM [KZKD00000758](#) (MUM156\_0005), 57,5 млн MEYKAM [KZKD00000931](#) (MUM180\_0013) және 22,4 млн MEYKAM [KZKD00001194](#) (MUM180\_0016) . орналастырды
- "Bereke Bank" АҚ KASE-де KZ2C00011641 (BERKb18) облигацияларын орналастыра отырып, жазылым арқылы 100,0 млрд теңге [тартты](#).
- "Қазақстандық тұрақтылық қоры" АҚ KASE-де KZ2C00010569 (KFUSb67) облигацияларын орналастыру арқылы 5,0 млрд теңге [тартты](#).
- Алты облыс әкімдіктері KASE-де 19,0 млрд теңге [тартты](#).
- Батыс Қазақстан және Қарағанды облыстарының әкімдіктері KASE-де 8,6 млрд теңге [тартты](#).
- "Teniz Capital Investment Banking" АҚ KASE-де 175,0 млн теңге сомасына KZ1C00000256 (IFDR) 25 000 жай акция [орналастырды](#).

## ЭМИТЕНТТЕРДІҢ ЖАҒАЛЫҚТАРЫ МЕН АНОНСТАР

- "Банк ЦентрКредит" АҚ Moody's Investors Service агенттігінің Банктің рейтингтерін көтергені туралы [хабарлады](#), болжам "Позитивті".
- "First Heartland Jusan Bank" АҚ Moody's Investors Service агенттігінің банк рейтингтерін растағаны туралы [хабарлады](#), болжам "Позитивті".
- "Freedom Life" ӨСК" АҚ S&P Global Ratings агенттігінің Эмитенттің рейтингін "BB" деңгейінде растағаны туралы [хабарлады](#), болжам "Тұрақты".
- "ForteBank" АҚ Moody's Investors Service агенттігінің банк рейтингтерін растағаны туралы [хабарлады](#), болжам "Позитивті".
- "QazaqGaz" Ұлттық компаниясы" АҚ S&P Global Ratings агенттігінің компания рейтингтерін растағаны туралы [хабарлады](#), болжам "Тұрақты".
- "Жайықмұнай" ЖШС "Дала барысы" кен орындарының қорлары мен ресурстарына тәуелсіз бағалау жүргізілгені туралы [хабарлады](#).
- "ҚазМұнайГаз" Ұлттық компаниясы" АҚ 2023 жылға мемлекет пайдасына төлемдер бойынша есеп [берді](#).



19.07.2024	Трендтер (%)		
KASE Индексі	5 247,46	0,2	2,9
<b>Өтімділіктің бірінші сыныбы</b>	<b>Бағасы</b>	<b>Δ 7к</b>	<b>Δ 1а</b>
AllynGold plc	1 000,00	24,8	30,7
АО Kaspi.kz	66 470,00	4,2	13,8
АО Kaspi.kz	66 470,00	4,2	13,8
Freedom Holding Corp.	81,16	3,7	1,8
АО "Кселл"	2 992,50	3,4	0,1
Tesla, Inc.	243,00	1,1	34,2
Pfizer Inc.	847,99	0,6	5,7
АО "Банк ЦентрКредит"	1 994,99	0,4	9,3
АО "KEGOC"	1 481,92	- 0,0	0,2
АО "Народный Банк Казахстана"	206,19	- 0,2	1,7
АО "Народный Банк Казахстана"	206,19	- 0,2	1,7
Intel Corporation	33,81	- 0,6	7,6
АО "КазТрансОйл"	819,00	- 1,1	- 1,9
АО "BCC Invest" - дочерняя организация	9 050,14	- 1,1	- 3,6
АО "Казактелеком"	38 617,71	- 1,2	12,3
АО "ForteBank"	5,47	- 1,4	- 7,1
АО "Казахстанская фондовая биржа"	78 496,60	- 1,6	- 1,9
АО "НАК "Казатомпром"	18 620,00	- 1,8	0,6
АО "KM GOLD"	108,87	- 1,9	- 2,8
АО "Эйр Астана"	847,99	- 2,4	- 5,4
АО "Национальная компания "КазМунай"	13 138,62	- 2,5	3,5
Apple Inc.	224,99	- 5,2	5,1
Advanced Micro Devices, Inc.	156,71	- 14,5	3,6

Анықтама: жасыл түспен индекстік акциялар белгіленген

**KASE Индексінің акциялары**



**Жеке тұлғалар мен бейрезиденттер үлесі**



Шілденің екінші онкүндігінің қорытындысы бойынша KASE Индексі 0,2 %-ға шамалы өсті. Ең үлкен өсімді Kaspi.kz акциялары көрсетті, олар 4,2 %-ға 66 470 теңгеге дейін өсті.

KASE индексіндегі қаржы саласының басқа өкілдерінің акциялары аралас динамиканы көрсетті: Халық банкінің акциялары бір апта ішінде 0,2 %-ға төмендеді, ал "Банк ЦентрКредит" акциялары бағаға 0,4%-ға өсті. Аптаның маңызды оқиғасы Moody's агенттігінің "ЦентрКредит Банкі" депозиттерінің ұзақ мерзімді рейтингін Ba2-ден Ba1-ге дейін көтеруі болды. Сондай-ақ, болжам "Тұрақтыдан" "Позитивтіге" қайта қаралды.

Өткен аптада "ҚазМұнайГаз" компаниясы "Полиэтилен" жобасы базалық жобалаудың соңғы сатысында тұрғанын хабарлады. Аталмыш жоба Атырау облысында қуаттылығы жылына 1,25 млн тонна полиэтилен өндіретін зауыт салуды көздейді, бұл елдің ЖІӨ өсімін 1,2 %-ға арттырады деп күтілуде.

Сондай-ақ, "ҚазМұнайГаз" 2023 жылға мемлекет пайдасына төлемдер туралы есеп берді. Жалпы төлемдер 1,8 трлн теңгені құрады, оның 931 млрд теңгесі Қазақстан Республикасының бюджетіне жіберілді. Осы сомдан 294 млрд теңге Ұлттық қорға, 267 млрд теңге республикалық бюджетке, ал 368 млрд теңге жергілікті бюджетке түсті. Аптаның қорытындысы бойынша ҚазМұнайГаз акциялары нарықтық құнының 2,5 % жоғалтты.

Мұнай секторының тағы бір өкілі – "ҚазТрансОйл" компаниясының акциялары бір акция үшін 819 теңге деңгейіне дейін 1 %-ға төмендегенін көрсетті. Компания 2025 жылы Германияға "Дружба" мұнай құбыры арқылы 1,2 млн тонна мұнай жеткізуді жоспарлап отыр. Естеріңізге сала кетейік, 2024 жылы "ҚазТрансОйл" магистральдық мұнай құбырлары жүйесі бойынша, "Адамова застава" мұнай тапсыру пунктiнiң бағыты бойынша Германияға жеткізу үшін 1,2 млн тоннаға дейін қазақстандық мұнайды жөнелтуді жоспарлаған болатын.

"Эйр Астана" компаниясы 2024 жылдың 9-12 шілдесінде аралығында сатып алу бағдарламасына сәйкес жалпы сомасы 34 мың АҚШ долларына 4,5 мың жаһандық депозитарлық қолхат сатып алғанын хабарлады. Сатып алу тек Лондон қор биржасында болды. Авиатасымалдаушының акциялары өткен аптада 2 %-ға, 848 теңгеге дейін төмендеді.

KASE Индексінің телекоммуникация секторының акциялары аралас динамиканы көрсетті: Кселл акциялары бір аптада 3,4 %-ға 2 992 теңгеге дейін өсті, ал Қазақтелеком акциялары 38 617 теңге деңгейіне дейін 1,2 %-ға төмендеді.


Өткен аптада ҚР Үкіметі республикалық бюджетті қаржыландыру мақсатында "Қазатомөнеркәсіп" акцияларын Ұлттық қорға сатып алу туралы шешім қабылдады, жалпы сомасы – 467,4 млрд.теңге. Осы шешімді іске асыру шеңберінде Ұлттық банкке шетел валютасын Ұлттық қордан теңгеге, шамамен 970 млн АҚШ доллары сомасына айырбастауды жүзеге асыру талап етіледі. Осы шешімге қарамастан, Қазатомөнеркәсіптің акциялары 1,8 %-ға 18 620 теңгеге дейін төмендеді.



Өткен аптаның соңында ақша нарығындағы кірістілік өсті. Репо нарығындағы соңғы сауда-саттыққа сәйкес, TONIA индикаторы 13,13 %, ал TWINA индикаторы 13,33 % құрады.


### Инфляция және пайыздық мөлшерлеме

Инфляция, 12М    MM Index    Bazалық мөлшерлеме    Repo-1д    Своп-1Д




### ҚР ҰБ ноталарын орналастырудың негізгі параметрлері

Апталық орналастыру (←)    Айлық орналастыру (←)    Үш айлық орналастыру (←)  
 Жарты жылдық орналастыру (←)    Жылдық орналастыру (←)    Айлық кірістілігі (→)  
 Апталық кірістілігі (→)    Үш айлық кірістілігі (→)    Жарты жылдық кірістілігі (→)  
 Жылдық кірістілігі (→)



### Тәуекелсіз қысық кірістілігі

19.07.2024 (KZT Yield)    29.12.2023    30.12.2022





Маусым айының қорытындысы бойынша, теңге бағамы 1 АҚШ доллары үшін 471,84 теңгеге дейін 5,5%-ға әлсіреді. Қазақстан қор биржасындағы сауда-саттықтың орташа күндік көлемі бір айда 251 млн АҚШ долларынан 183 млн АҚШ долларына дейін төмендеді. Сауда-саттықтың жалпы көлемі 3,7 млрд АҚШ долларын құрады.

Ұлттық қордан республикалық бюджетке трансферттерді қамтамасыз ету үшін маусым айында 420 млн АҚШ долларына валюта сатылды. Ұлттық қордан сату үлесі жалпы сауда-саттық көлемінің 11%-ын және күніне 21 млн АҚШ долларынан аспайтын мөлшерді құрады. Ұлттық Банк БЖЗҚ зейнетақы активтерінің валюталық үлесін 30% деңгейінде ұстап тұру үшін маусымда биржалық сауда-саттықта шетел валютасын сатып алуды жалғастырды. Оның жалпы сомасы 293 млн АҚШ долларын немесе нарықтың жалпы көлемінің шамамен 8%-ын құрады.


Ұлттық Банк маусымда валюталық интервенциялар жүргізген жоқ.

Республикалық бюджетке трансферттер бөлуге Үкіметтің алдын ала болжамды өтінімдері бойынша 2024 жылғы шілдеде Ұлттық Банк Ұлттық қордан 450 млн АҚШ долларынан 550 млн АҚШ долларына дейінгі мөлшерде валюта сатылуын күтеді.

2024 жылғы шілдеде БЖЗҚ зейнетақы активтерінің валюталық үлесін ұстап тұру үшін 250 млн АҚШ долларынан 350 млн АҚШ долларына дейінгі мөлшерде валюта сатып алу күтілуде.

### Шетел валюталарының бағамы динамикасы

Δ %, база (01.01.24)




Бағасы      Δ 7к, %      Δ 30к, %      Δ 2024, %

— GBPKZT	618,23	0,41	6,64	11,33
— USDKZT	478,58	0,75	4,16	3,11
— EURKZT	520,84	0,70	6,23	5,80
— CNYKZT	65,84	0,50	4,10	-1,53
— RUBKZT	5,44	0,00	3,23	-15,55

### Brent мұнай құны

USD/баррель



Анықтама: Кесте мен сызба ҰБ арнайы нарық бағамы негізінде жасалған. ҰБ бағамы KASE бағамымен айырмашылығы болуы мүмкін.



Халықаралық индекстер

Атауы	Мәні	Тренд %			Фьючерс
		7к	1а	1ж	
S&P 500	5 505,00	-2,0	0,3	21,4	-2,0
Dow Jones	40 287,53	0,7	3,7	14,4	0,6
PTC	1 076,63	0,9	-6,7	5,9	0,0
ММББ	3 008,24	1,2	-0,6	3,1	0,0
Hang Seng	17 417,68	-4,8	-5,5	-8,0	-5,1
SS CSI 300	3 539,02	1,9	0,3	-7,4	1,5
Euro Stoxx 50	4 827,24	-4,3	-1,2	10,4	-4,6
FTSEuroFirst	5 411,50	-3,5	-0,4	9,5	-3,2
FTSE 100	8 155,72	-1,2	-0,6	6,7	-1,5
KASE	5 247,46	0,2	2,9	43,1	

Шикізат нарығы

Атауы	Бағасы	Тренд %		
		7к	1а	1ж
Мұнай (Brent)	82,63	-2,8	-2,9	3,8
Мұнай (WPI)	80,13	-2,5	-1,8	6,0
Табиғи газ	2,13	-8,6	-26,8	-22,8
Мыс	421,90	-8,3	-6,0	10,5
Темір	807,00	-5,5	-4,9	-9,3
Алтын	2 400,83	-0,4	3,1	22,0
Күміс	29,09	-5,8	-1,6	17,3
Астық	542,75	0,9	-6,7	-25,3

19.07.2024

Экономикалық уақиғалар күнтізбесі

	Валюта	Болжам	Алдыңғы
23.07 <u>Қайталама тұрғын үй нарығында сату (маусым)</u>	USD	3,99M	4,11M
24.07 <u>Өндірістік сектордағы іскерлік белсенділік индексі (PMI) (шілде)</u>	USD	51,5	51,6
24.07 <u>Қызмет көрсету секторындағы іскерлік белсенділік индексі (PMI) (шілде)</u>	USD	54,5	55,3
24.07 <u>Жаңа тұрғын үй сату (маусым)</u>	USD	643K	619K
25.07 <u>ЖІӨ (т/т) (2 т)</u>	USD	1,9%	1,4%
25.07 <u>Жұмыссыздық бойынша жәрдемақы алуға алғашқы өтінімдердің саны</u>	USD	239K	243K
26.07 <u>Пайыздық мөлшерлеме бойынша шешім (шілде)</u>	RUB	18,00%	16,00%

Анықтама: күнтізбе KASE пікірі бойынша ағымдағы аптадағы ең маңызды экономикалық уақиғаларды қамтиды

В – миллиард  
М – миллион  
К – мың

Қазақстанның макроэкономикалық статистикасы

	Мәні	Күні	Алдыңғы ай
Жылдық инфляция	8,4%	01.07.24	8,5%
ҚРҰБ жалпықлттық резервтер, млрд USD	39,9	01.07.24	39,8
Ақша базасы, млрд KZT	13 276,0	01.07.24	12 681,8
Ақша масса, млрд KZT	39 657,7	01.07.24	38 160,7

Қазақстанның несие рейтингі

	Рейтинг	Күні	Алдыңғы
<b>S&amp;P Global</b>	BBB-/A-3 тұрақты	02.03.24	BBB-/A-3 тұрақты
<b>Moody's</b>	Baa2/позитивті	27.10.23	Baa2/тұрақты
<b>FitchRatings</b>	BBB/тұрақты	18.05.24	BBB/тұрақты



## "Қазақстан қор биржасы" АҚ

**Мекен-жайы:** Қазақстан Республикасы,  
050040, Алматы қ., Байзақов 280 БЦ  
"Almaty Towers"

**Тел.:** +7 (727) 237 53 00



**Корпоративтік веб-сайт**



**Бізбен байланысыңыз**



**Листингілік компаниялардың  
корпоративтік оқиғалар  
күнтізбесі**



Осы есетегі ақпараттар мен пікірлерді "Қазақстан қор биржасы" АҚ (әрі қарай - KASE) мамандары әзірледі. KASE осы есебінде берілген ақпараттардың толық әрі дәл, дұрыс болуына кепілдік бермейді. KASE де, қызметкерлердің біреуі де осы есептің немесе онда ұсынылған мәліметтер мен талдауларың пайдалану нәтижесінде келген зиянға жауап бермейді. KASE осы есепті үнемі жаңартуға жауап бермейді, сондай-ақ осы есепті дайындаған сәттен бастап, барлық өзгерістер туралы хабарлауға жауап бермейді:

1. Қаржы құралдарына түсетін инвестициядан табыс көбінесе нарықтық және нарықтық емес факторлардан туындайды. Көбінесе, инвестордың нақты кірісіне пайыздық мөлшерлемелердің ауытқулары, салық төлеу нормалары, валюталық бағам қозғалысы, бағалы қағаздардың баға белгілеулерін, нарықтық индекстердің, компанияның өндірістік және қаржылық көрсеткіштерін өзгерту, сондай-ақ басқа факторлар.
2. Өткен қорытындылар болашақтағы көрсеткіштердің қандай болатынын үнемі көрсете бермейді. Сонымен қатар, болашақтағы нәтижелер бағасы орындалмайтын ұйғарымдарға негізделген. Кез келген инвестиция мен кірістің құны төмендеуі немесе жоғарылауы мүмкін, оның нәтижесінде инвесторлар барлық инвестицияланған соманы кері ала алмайды. Инвестициялар үшін жалпыға танымал нарық боламан жағдайда инвесторлар түрлі қиындықтарға кездеседі, мәселен олардың сатылуы немесе олардың тәуекелімен байланысты оның құны туралы сенімді ақпарат алудан бастап.
3. Есеп жеке қаржы ерекшеліктер мен оны алатын тұлғалардың мақсатын ескермей жасалған.

KASE инвесторларға қандай да бір инвестициялар мен стратегиялардың мақсаттылығын бағалауды ұсынады және қаржы кеңесшілерінің қызметін пайдалануға шақырады. Есеп берудің барлық құқықтары KASE тиесілі. Осы талдау материалын тарату және/немесе толық өндіру KASE жазбаша келісімінсіз жүзеге асырылады.